

Экономика факультеті кеңесінің отырысында
қарастырылды
Хаттама № 8
« 16 » 02 2023 ж.



БЕКІТЕМІН

Экономика факультетінің деканы
Нұрмұхаметов Н.Н.
« 16 » 02 2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

7M04106 – «Маркетинг және тауарлар мен қызметтер нарығындағы брендтерді басқару»

1. Бағдарламаның аналитикалық негіздемесі.

Білім беру бағдарламасының мақсаты: «Маркетинг және тауарлар мен қызметтер нарығында брендтерді басқару» БББ маркетингтік тапсырмаларды шешу бағытында өз бетінше қызмет атқара алатын мамандарды дайындау болып табылады.

Бағдарламаның мақсаттары келесідей жайлармен айқындалған:

- басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпарат алу мақсатында, ұлттық және халықаралық тауар нарықтарына кешенді зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру және түлектердің тікелей қатысуы;
- тауарлар мен қызметтердің сапалық сипаттамаларына тұтынушылардың талаптарын анықтау, тұтынушылық сұранысты қалыптастыру және сатып-өткізу көлемін болжау;
- ұлттық және халықаралық деңгейде кәсіпорынның операциялық және стратегиялық жоспарларын әзірлеуге және экономикалық негіздеуге қатысу;
- әртүрлі салалар мен қызмет салаларында маркетингтік қызметті ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін ашып көрсету.

Білім беру бағдарламасының түпкі мақсаты - «Маркетинг және тауарлар мен қызметтер нарығындағы брендтерді басқару» білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың бағыты, жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін жеке және кәсіби қызметтегі жетістіктерді ескере отырып, болашаққа нақты бағдарлануды, өз білімін қалыптастыру мүмкіндіктерін қарастырады.

2 Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы (өзектілігі, ерекшеліктері, бәсекелелік басымдылықтары, өзіндік ерекшелігі, мүдделі тараптары ж.т.б.)

«Маркетинг және тауарлар мен қызметтер нарығындағы брендтерді басқару» білім беру бағдарламасы жалпы мәдени, арнайы тілдік және кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыратын модульдік оқыту жүйесі негізінде құрылған.

Маркетолог – бұл маман, оның міндетіне таңдауларды, тұтынушы сұранысын талдау мен зерделеу және нәтижесінде компания өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның қаржы айналымы мен кірісін арттыруға көмектесетін стратегияны құру кіреді. Өндірушілерге мүмкіндігінше, тұтынушының қажеттіліктерін зерттеуге және оны қанағаттандыруға мүмкіндік беретіндіктен, нарыққа жылжытылатын өнімдердің одан әрі жоғарылауы, танымалдығы және сатылу деңгейі маркетолог маманына байланысты.

Мамандық мынадай жайларды қарастырады, маркетолог тұтыну нарығын, бәсекелестердің қызметін зерттеумен және талдаумен айналысады, компанияның жеке маркетингтік стратегиясын құрады және жүзеге асырады, тауарлар мен қызметтерді белсенді түрде жылжытады және жемісті сатып-өткізуді жүргізеді. Маркетолог алынған ақпараттарды талдап, қорытынды жасайды және оңтайлы шешім қабылдайды. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, тұтынушылардың қажеттіліктерін неғұрлым толық және тиімді қанағаттандыру және компанияның табыстылығын қамтамасыз ету үшін, маркетинг кешенін құрады, ең тиімді әдістерді, тәсілдер мен технологияларды қолданады.

Білім беру бағдарламасының басымдылықтары:

- білім беру қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі;
- оқытудың интерактивті әдістерін (интерактивті дәрістер, кейс-стадилер, рөлдік және іскерлік ойындар, презентациялар мен бизнес жобалар) қолдану;
- шет тілін тереңдетіп оқыту;
- жетекші компанияларда ғылыми тағылымдамадан өту;
- мамандарды жұмыспен қамтудың жоғары пайыздық көрсеткіші.

«Маркетинг және тауарлар мен қызметтер нарығындағы брендтерді басқару» мамандығы бойынша магистратура бағдарламасы маркетинг, басқару, экономика мен бизнестің қазіргі

заманғы теориялық және тәжірибелік мәселелерін шешу бойынша көзқарастарын қалыптастыруға қабілетті, жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған.

Оқыту бағдарламасы маркетинг мәселелерін тиімді шеше алатын және компанияның бәсекеге қабілеттілігін, табысты және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін стандартты емес шешімдер қабылдауға қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған. Магистратура білімділік деңгейін жоғарылатуға және кеңейтуге, кәсіби деңгейді арттыру мен қосымша аналитикалық және зерттеушілік құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы тауарлар мен қызметтер нарығының дамуы, жарнамалау қызметі, тауарлар мен қызметтерді нарыққа жылжыту стратегиялары ж.т.б. зерделеуге көп көңіл бөлінеді.

7M04106 – «Маркетинг және тауарлар мен қызметтер нарығындағы брендтерді басқару» білім беру бағдарламасының сапасын арттыру үшін БББ дамытудың тұрақты үдерісі қажет ретінде саналады.

БББ дамыту жоспары бойынша іс-шаралар тізімі

| № | Шаралардың аты | Мерзімі |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| 1 | Білім алушалар, жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламасын жетілдірудің тұрақты үдерісін жүргізу | 2023-2027 |
| 2 | Skills Еnbek және Coursera рейтингтік білім беру платформаларында әртүрлі курстарды оқыту арқылы магистранттардың кәсіби құзыреттілігін арттыру | 2023-2027 |
| 3 | Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бөлігі ретінде, жетекші шетел университеттерінің профессорларын оқыту және ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту | 2023-2027 |
| 4 | ҚР АШМ қаржыландыратын гранттар алу үшін конкурстарға, сондай-ақ шаруашылық келісім-шарт түріндегі қызметтерге қатысу арқылы профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми әлеуетін арттыру | 2023-2027 |
| 5 | Ғылыми зерттеу нәтижелерін нөлдік емес импакт-факторы бар рейтингі жоғары журналдарда жариялау | 2023-2027 |
| 6 | Білім алушылар мен оқытушылар құрамының сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын тұрақты негізде қамтамасыз ету | 2023-2027 |
| 7 | Студенттердің ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін мамандандырылған кәсіпорындармен келісім-шарттар жасау | 2023-2027 |
| 8 | БББ материалдық-техникалық базасын жаңғырту және кеңейту | 2023-2027 |
| 9 | БББ-ның Қазақстан Республикасының ЖОО арасындағы ұлттық рейтингіне қатысуы | 2023-2027 |
| 10 | Түлектердің жұмысқа орналасуын тұрақты мониторинг жасау | 2023-2027 |

«Менеджмент және маркетинг» кафедрасының отырысында қарастырылды

Хаттама № 7 «14» 02 2023 ж.